

Қыз тәрбиесі – ұлт болашағы

Баяндаманың мақсаты:

Қазақ қыз балаларының мінез-қылышы мен әдептілігін және инабаттылығын сактап тәрбиелеудегі ерекшеліктерді анықтау;

Міндеттері:

1.қыз балаларды өмірге тәрбиелеуде қазактың тәрбиесін, адамгершілік жақсы қасиеттерін бойға сініру;

2.Қазақ халқына тән салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды білу;

3.Болашакта қыз балалар тәрбиесіне аса мән беру;

Өзектілігі: Қазақ қыз балаларын тәрбиелеу барысында қыз балаға тән жақсы қасиеттерге үйрету, жаман әдеттерден аулақ болу

Дәйектілігі: Қыз балаларға тәлім-тәрбие беретін, ұнамды ұлгі қалыптастыратын салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды насиҳаттау; Оларды барлық өмір жағдайында қолдану. Мектеп өміріндегі қызбалаларға тәлім-тәрбие беруде салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды білуге үндеу.

«Қыз өссе елдің көркі, гүл өссе жердің көркі», - дейді дана халқымыз. Ата-ананың көз куанышы – қыз баланың өмірге келген күнінен бастап жақсы өсуіне, тәрбиелі, өнегелі, кішіпейіл, қарапайым, әдепті, ибалы, инабатты тағы басқа жақсы қасиеттерді бойына сініруіне ата-анасының ықпалы зор болып келеді. Қыз – өмірдің гүлі, барлық адамзаттың қадірлелік, аялайтын асыл аруы десек те артық айтқаным емес. Қыз баланы қазақта кішкентайынан мәпелеп, аялап, қанаттыға қактырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай өсірген.

Жалғандағы нәзіктік пен пәктікті, инабаттылықты әрбір казак қызының бойына сініріп өсірген.

Әрбір баланың өмір жолы, тәрбиесі отбасынан, одан соң мектеп қабыргасынан бастау алары сөзсіз.

Сондықтан да, мектепте оқып жүрген қыз бала, ол – үйдегі ата-ананың көз куанышы, мектепте ұстаздарының мактандырылған мактандырылған мактандырылған бола білуі тиіс.

Қыз бала үйден шыққанда тап-таза күніп, шашын таранып, әсем күлкісімен айналға нұрын шашып жүруімен қатар сабағын да жақсы оқиды. Қыз баланы тәрбиелей отырып, отбасындағы одан кейінгі өсіп келе жатқан қыздарға ұлгі етеміз, яғни бұл жерде ұлт тәрбиелеу – бұл қазақтың ежелден келе жатқан философиялық даналығы деп білемін.

Ұлттымыз казақ деп ұрандағанда сол ұлттымыздың діні, тілі, тарихы, салт-санасы ойнымызға оралады.

Ұлттың тыныс-тіршілігі де осы баланы отбасынан бастап(бесіктен) дүрыс тәлім-тәрбие беріп, түзу жолға коюдан анық байқалады

Әр елдің өміріндегі шешуші кілт қыздарға берілетін тәлім-тәрбие арқылы өлшенеді. Біздің халқымызда «Қыз» деген сөзді әдеміліктің, әдептіліктің, жан-жакты сұлулықтың символы ретінде қолданады.

Жарық пен жылу, от пен су жок жерде тіршілік жок, ал осылардың көктегі көзі – күн, жердегі көзі – адамзат. Адамдардың бір-біріне мейірімі мен ұлағатты тәрбиесі тіршілікті сақтайды. Тәрбиесі түзелмей елдің көсегесі көгермейді, отбасы түзелмей болашақ түзелмейді. Бесігінде жақсы тәрбие алған, ұлгі-өнеге көрген қыз бала болашакта да сол әдебін сақтамақ. Әдепті, инабатты, адамгершілігі мол, сырпайы қыз тәрбиелеу – бүгінгі мектептің, қоғамның және ата-ананың негізгі міндеті. Қазіргі заман қыз бала тәрбиесіне ерекше мән беруді қажет етеді. Себебі, қыз баланы тәрбиелеу деген сөз – ұлтты тәрбиелеу деген сөз.

Отбасы – қоғамның бір бөлшегі. Ал, отбасының алтын қазығы — әйел адам. Қазақ халқының мақсаты — әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін қыз баланың бойына сініре отырып, қыз балаға келешекте ана, ак босаганың аруы, шаңырактың құт-берекесі екенін ұғындыру, әдептілікке, сырпайылыққа, инабаттылыққа, мейірімділікке, төзімділікке, шыншылдыққа тәрбиелеу. Әдептілік және кішіпейілділік қыз баланың жан дүниесін әдемі, сұлу көрсетеді. Инабатты, кішіпейіл, қамкоршы болу – әр қыз баланың басты міндеті.

Кішкентай кезінен бойына дарыған жақсы қасиеттері арқылы қыз көркем, ибалы, болашакта жақсы ана болады. Ата-аналар қыз балаларын тәрбиелеуде әдептілігіне, сұлулығына, ақылы мен парасаттылығына ақылына көркі сай болуына барлық жағдайын жасап, өмірге тәрбиелейді. Қазақ халқы қыз бала әдебінде үлкен кісілердің алдын кеспеу, үлкен адамдар келгенде тұрып жол беру; аман-сәлем жасау; ата-ана мен үлкен кісілер арасында отырғанда білермендік жасамау; үлкендердің сөздеріне қыстырылмау, «Шеше тұрып, қыз сейлегеннен без» дейтін халық даналығын есте берік сактау; көп ортасында текке жыртқастап құлмеу; арын таза сактау; ата-ананың рұқсатының қыдырмау сияқты істерден аулақ болуға егжей-тегжейлі, жан-жакты тәрбие жүргізеді

Тәжірибелі аналар қыздарына ең алдымен кісілік, кішілік, мейірімділік, жанашырлық, бауырмалдық, биязылық, тазалық, пәктік, ар-ұят, адамгершілік тәрбиесін жүргізумен қатар, ішіп-жеу, жүріс-тұрыс, іс-қимыл тіпті махаббат, неке істеріне дейін кісіліктен аттамау, сергек, сезімтал болу тәрбиесін жүргізеді.

Сонымен катар тамакты қалыпты ішу, мәдениетті тамақтану, жатканда бір қырынан жиналып, жамбастап жатып ұйықтау, кандайда бір қауіп-қатерден сак болып, өзін сергек ұстау, сезімтал болуға дағдылану жөнінде мұқият тәрбие жүргізеді. Қалай отыру, тұру, жұру, құлу, барыс-келіс, алыс-беріс жасауға дейін ұғындырып, әрі ұлғі-өнеге көрсетіп отырады. Осы жерде: «Шешесін көріп, кызын ал, аяғына карап, асын іш», - деген халық мақалын айтқым келеді. Әр қыз бала ұлғі-өнегені анасынан, ұлken әйелдерден, әжелерден, апаларынан алады. Сондықтан, әрбір әже-аналар өздерінің істеріне тиянақты, ибалы, әдепті, жинақы боуы қажеттілікті талап етеді. Ұлағатты аналар әр жолғы басқосуларда, дастархан бастарында қыздарына тәлім-тәрбие беріп, олардың жалқаулыққа салынбай, ел-жұртқа ұлғілі-өнегелі, сергек, сезімтал, іскер, сымбатты болып ессеюі жөнінде ақыл-кенес беріп, тәрбиелі, ар-ұятты, ізетті, ибалы, ақылына көркі сай болып өсуге баулиды. Қазақ қызы сұлу, көркем, әсем, әдемі, сымбатты, ақылына көркі сай боуы үшін де ұлкендердің тәрбиесі қажет деп ойлаймын. Қазақ халкы сұлулық пен сымбаттылық тәрбиесінде жан сұлулығын бірінші орынға қойған. Сонымен бірге тән сұлулығына да баса назар аударып, дene мүшелерінің сымбатты болып өсіп-жетілуі үшін жағдай жасаған. Мысалы, қыздардың жан сұлулығын арттыру үшін, оларға ең алдымен ұлкенді сыйласп, кішіге қамкор болудан бастап, адамгершілік, арлылық, мейірімділік, ізгілік, кешірімділік, кенпейілділік, жанашырлық, бауырмалдық, әдептілік, инабаттылық, іскерлік, сергектік, сезімталдық, ақылдылық, білімділік тәрбиесін мұқият жүргізе отырып, қыздарына: «Мұндай тамаша қасиеті жоқ әйелдер «қызы, ана, әже» деген асыл қасиетті атка лайық адам саналмайтындығын құлактарына құйып, жүректеріне ұялатады. «Сұлу болғың келсе алдымен сырынды түзе», - деп тән сұлулығынан бұрын жан сұлулығын үретеді. Ал, тән сұлулығы тәрбиесінде қыздарының жүріс-тұрысы мен кимыл-қылыштарына баса назар аударып, дөрекі іс-кимылдардан аулақ болуға шақырған. Қызды жеті жастан белін буындырып, он екі жастан бастап бой-басын таза ұстауға, айнаға карап қасы-көзін түзетіп, шашын күтүге үреткен. Бұл тәрбие қыздардың мінез-құлқын, жүріс-тұрысын, кимыл-қылышын түзеп, әсемдікке, мәдениеттілікке, ізеттілікке, адамгершілікке баулиды. Мінезді, әдепті, ибалы, кенпейілді, кешірімді болуға жетелейді.

Қорыта келе айтарым: қыз балаларға тәлім-тәрбие беретін, ұнамды ұлғі қалыптастыратын салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды насиҳаттау барысында дос-құрбыларымды, өзіммен катарлас қыз балаларды әдептілікке, инабаттылыққа, қамқоршылыққа үндеймін.